

БӨЛІМ: ЖАЛПЫ РУБРИКА

Жаңартылған білім беру мазмұнында мектеп оқушыларының креативті қабілетін дамытудың жолдары

ЖАРИЯЛАНДЫ
08.06.2024СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/155929/>

Алпамысқызы А., Касымова А. Х.

Жаңартылған білім беру мазмұнында мектеп оқушыларының креативті қабілетін дамытудың жолдары

Жаңартылған білім бағдарламасы оқушы мен мұғалім үшін тиімді бағдарлама. Брунер оқытудағы маңызды тәжірибені дамыту бойынша бірнеше өте маңызды кеңестер ұсынды. Брунер теориясының ажырамас бөлігі «Жаңалық ашу» және «Егер оқушыға бөліктерді бір жерге жинауға рұқсат етілсе, алынатын нәтижелер шынайы» деген ұғымдар болды.

Оқытудың мұндай типінің артықшылығы төрт аспектінің арқасында;

- зияткерлік мүмкіндіктердің өсуі;
- сыртқы марапаттаудан ішкі марапаттауға өту;
- жаңалық ашу;
- жадыны дамыту.

Осы кезде оқушы оқу үдерісіне белсенді қатысқанда ғана материалды терең меңгереді. Оқушыға бағдарланған оқыту ортасында мұғалім оқушылардың сыныпқа келген кездегі бастапқы сенімдерін, білімін және өзіндік ойын негізге ала отырып, өз пайымдарын жасауға қабілетті екенін түсінеді. Мұғалімдер оқушылардың не білетінін және нені жасай алатынын, сондай-ақ олардың қызығушылықтарын, әр оқушының нені жақсы көретінін және не істегісі келетінін түсінуге тырысады.

Жаңартылған білім мазмұны жағдайындағы мектептің ерекшелігі - оқудағы жетістіктер нәтижелі сипатқа ие, ал оқу процесі оқушылардың әрбір сабақта білімді «табудағы» белсенді қызметімен сипатталады. Бұл жағдайларда оқушы - таным субъектісі, мұғалім оқушылардың танымдық әрекетін ұйымдастыру қызметін атқарады.

Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру үшін:

- Сабақта кең көлемде көрнекі құралдар пайдалану
- Сабақты түрлендіріп өткізу
- Сабақта оқушылардың өздері жасаған суреттер, схемаларды пайдалану
- Техникалық құралдарды тиімді пайдалану
- Сабақта бейнетаспалар мен фильмдез көрсету

Оқушылардың шығармашылық қабілетін дамытудың өзектілігі:

1. Өз бетімен оқуға, жұмыстануға дағдыланады.
2. Шығармашылық ізденіске жетелейді.
3. Өз ісіне деген сенім пайда болады.
4. Әр нәрсеге сын көзбен қарауға үйренеді.
5. Салыстыруға, қорытынды жасауға үйренеді.
6. Шығармашылдық белсенділік артады.

Шығармашылық қабілетті тәрбиелеудің алғы шарттары:

- Шығармашылық қабілетінің деңгейін анықтау.
- Қызығушылық және шығармашылық пен таным белсенділігін арттыру.
- Оқушы потенциалына сай шығармашылық тапсырмаларды әдістемелік тұрғыда жүйелі түрде орындату.
- Шығармашылық қабілетін тәрбиелеу барысында кездесетін қиындықтар мен қарама-қайшылықтарды зерттеу.
- Оқушының шығармашылық қабілеттерін тәрбиелеуді кезең бойынша сатылап дамыту.
- Шығармашылық қабілеттерді тәрбиелеу үрдісін тәжірибе негізінде жинақтап, зерттеліп отырған мәселенің өсу динамикасын бақылау.

Осы мәселелер өз шешімін тапса, жан-жақты дамыған тұлғаны тәрбиелеу ісі өз мақсатына жетеді. Оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарының жүйесі түрінде күтілетін нәтижелер тұжырымдалған. Күнделікті білім беру үдерісі оқу мақсаттарына жетуге және оқушыларда алынған білім мен дағдыларды кез келген оқу және өмір жағдайында шығармашылық пайдалануға дайындығын қалыптастыруға бағдарланған.

Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және таңдап қолдануды талап етеді.

Қорыта айтқанда, аталған бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді

қолданысқа енгізсеңіз, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алуға, шығармашылығын қалыптастыруға ықпал етеді, оқушылар оқудың қызықты жеңіл өтетіндігін, ұжымда бірлесіп жұмыс жасауға үйрететіндігін, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артатындығын баяндайды. Яғни, оқушы өз ой-пікірін ашық еркін айтады, бір-бірін тыңдауға үйренеді сыныпта ынтымақтастық атмосферасы қалыптасады. Сондықтан басқа пәндердің де осындай оқыту формасымен оқытылса, тиімді болатындығын айтуға болады. Осы бағдарламаны меңгергенде ғана жан-жақты дамыған, болашағы айқын, бағдары анық, бәсекеге қабілетті рухани бай тұлға қалыптастыра алатынымызға сеніміміз мол.

ҚМ АА Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.